

"Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 19 қаңтардағы № 13 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 20 қаңтарда № 37864 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті жолдайды.

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге

жалға беру/өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы жеке кабинеттегі тиісті мәртебе порталда өтініштің қабылданғанын растау болып табылады."

;

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған кезде көрсетілетін қызметті алушы өндіріс объектісін есептен шығаруға бастамашылық жасайды және өндіріс объектісіндегі қызмет тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату туралы өтініш береді.

Өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қарайды және "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) өндіріс объектісінің "Есепке алу нөмірінің қолданысы тоқтатылды" мәртебесін өзгертуді жүзеге асырады.

Өндіріс объектісінің есепке алу нөмірінен айыру (кері қайтарып алу), оның қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 42 және 45-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есепке алу нөмірінің қолданысы тоқтатылған жағдайда, өндіріс объектісі берілген есепке алу нөмірлерін сақтамай, осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірін беру рәсімінен өтеді.

12. Өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлері жалға беру немесе өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін 3 (үш) жылдан кем мерзіммен жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ мал сою алаңдарын қоспағанда, 3 (үш) жыл мерзімге беріледі.

Өндіріс объектілеріне (жалға беру немесе өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін 3 (үш) жылдан кем мерзіммен жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ мал сою алаңдарын қоспағанда) 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін олардың қолданылу мерзімін көрсетпей берілген есепке алу нөмірлері бойынша есепке алу нөмірлерінің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап есептеледі.

Мал сою алаңдарына есепке алу нөмірлері 1 (бір) жыл мерзімге беріледі және осы өңірде ет өңдеу кәсіпорындары немесе мал сою пункттері салынғанға дейін жыл сайын расталуға тиіс. Жалға беру немесе өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік

үй-жайларда қызметін 3 (үш) жылдан кем мерзіммен жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлері жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының қолданылу мерзіміне беріледі.

Өндіріс объектілері есепке алу нөмірінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде берілген есепке алу нөмірлерін сақтай отырып, осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірін беруде қайта рәсімдеуден өтеді.

Есепке алу нөмірінің қолданылу мерзімі өткен жағдайда, есепке алу нөмірінің қолданылуы ақпараттық жүйеде "Есепке алу нөмірінің қолданысы тоқтатылды" мәртебесі көрсетіле отырып тоқтатылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 9-қосымша осы Бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект
және цифрлық даму
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 19 қаңтардағы
№ 13 бұйрығына
1-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге _____

(ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық
бөлімшесінің атауы)

кімнен _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/
занды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы _____

Өтініш нөмірі _____

Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтініш

Мына өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруді, қайта ресімдеуді, растауды,
қайта

тіркеуді сұраймын _____

(қажеттісінің астын сызу)

1) өндіріс объектісінің атауы: _____

2) өндіріс объектісінің мақсаты _____

(жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты бойынша)

3) қызметінің түрі: _____

4) экспортты/импортты жүзеге асыру: _____

(керегін көрсету)

5) меншік құқығындағы өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

кадастрлық нөмірі _____

меншік иесі _____

құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты _____

мекенжайы _____

жалға беру, өтеусіз пайдалану құқығындағы өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

кадастрлық нөмірі _____

құқық иеленуші _____

жалға беру, өтеусіз пайдаланудың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты _____

шарттың жасалған күні _____

шарттың қолданылу мерзімі, _ айға, 20_ жылғы _ " _ 20_ жылғы _ " _ дейін.

шарттың ерекше талаптары _____

мекенжайы _____

б) өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары:

Р/с №	Өндіріс объектісі (жер учаскесі, ғимарат, құрылыс, құрылысжай) орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі	Өндіріс объектісіне орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (геоақпараттық сервис арқылы)*		Ветеринариялық -санитариялық қорытындының деректемелері (нөмірі, күні және берген орган)	Ескертпе
		бойлық	ендік		
1	2	3	4	5	6

Ескертпе: * өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік болса, геоақпараттық сервис арқылы анықталады.

Мынадай құжаттарды қоса беремін: _____

(үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттың немесе жалға беру/өтеусіз пайдалану шартының электрондық көшірмесі)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы: _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

басшының жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

телефон нөмірі (факс): _____

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі: _____

кім берді: _____

берілген күні: _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____

электрондық мекенжайы _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы 20__ жылғы " __ " __ сағат __ қол қойып, жіберді.

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:

ЭЦҚ қою күні мен уақыты: _____

Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:

Өтініш 20__ жылғы " __ " _____ сағат __ қабылданды

Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің ЭЦҚ деректері:

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: _____

бұйрығына 2-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
2-қосымша

"Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс

объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні. "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні, оның ішінде: мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні; өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілген).
		Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растау не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне

5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азық және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есепке алу нөмірлерін беру.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. 2) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін. Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес белгілейді.
		Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін:

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

- 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;
 - 2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер ("электрондық үкіметтің" шлюзінде мәліметтер болмаған жағдайда);
 - 3) жалға беру, өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілері үшін : өндірістік үй-жайды жалға беру шартының (өндірістік үй-жайды өтеусіз пайдалану шартының) электрондық көшірмесін ұсынады.
- "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы:
- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті;
 - 2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді ("электрондық үкімет" шлюзінде мәліметтер болмаған жағдайда);
 - 3) жалға беру, өтеусіз пайдалану шарты негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілері үшін : өндірістік үй-жайды жалдау шартының (өндірістік үй-жайды өтеусіз пайдалану шартының) электрондық көшірмесін ұсынады.
- Занды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы аңықтама, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы,

		өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға беру/өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың болуы туралы, меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) есепке алу нөмірін алу үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, объектілердің және (немесе) деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына

		сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар және "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен бірге "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілуі мүмкін. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.

бұйрығына 3-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
5-қосымша

(ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)
Өндіріс объектісіндегі қызметті тоқтату туралы өтініш

_____ мекенжайы бойынша орналасқан
(өндіріс объектісінің атауы, қызмет түрі)

өндіріс объектісінің қызметін тоқтатуды сұраймын.

Ветеринариялық-санитариялық қорытындының нөмірі және берілген күні _____

Бұрын берілген есепке алу нөмірі _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы 20__ жылғы "___" _____ сағат__ қол қойып, жіберді.

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:

ЭЦҚ қою күні мен уақыты: _____

Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:

Өтініш 20__ жылғы "___" _____ сағат__ қабылданды

Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің ЭЦҚ деректері: _____

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: _____

бұйрығына 4-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
коспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
6-қосымша

**Өндіріс объектісінің қызмет түрі мен
нөмірін қамтитын кодтан тұратын есепке алу нөмірі**

Р/с №	Қызмет түрі	Коды
1	2	3
Өндіріс объектілерінің қызмет түрлерінің кодтары		
1	Жануарлар мен құстарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:	
	Жануарларды бордақылау алаңдарында өсіру және өткізу	K1
	Жануарларды асыл тұқымдық орталықтарда (репродукторларда) өсіру және өткізу	K2
	Құс фабрикаларында (құс шаруашылықтарында) құс өсіру және өткізу	K3
	Ауыл шаруашылығы құралымдарында (шаруа, фермерлік шаруашылықтар, кешендер) жануарларды өсіру және өткізу	K4
	Балық өсіру және өткізу	K5
	Балара өсіру (омартада) және өткізу	K6
	Жануарларды ішкі сауда объектілерінде өткізу	K7
	Құстарды ішкі сауда объектілерінде өткізу	K8
	Балықты ішкі сауда объектілерінде өткізу	K9
2	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:	
	ет өңдеу кәсіпорындары	U1
	мал сою пункттері (жылжымалы (мобильді) мал сою пункттерін қоса алғанда)	U2
	мал сою алаңдары (жылжымалы (мобильді) мал сою алаңдарын қоса алғанда)	U3
	құс өңдеу кәсіпорындары	U4
	балық және балық өнімдері	U5
	жануарлардан алынатын шикізат	U6
	бал және балара шаруашылығы өнімдері	U7
	сүт және сүт өнімдері	U8
	жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері	U9
	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері:	

3	ет, ет өнімдері	G1
	балық және балық өнімдері	G2
	бал және балара шаруашылығы өнімдері	G3
	жануарлардан алынатын шикізат	G4
	сүт және сүт өнімдері	G5
	жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері	G6
4	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер:	
	ет, ет өнімдері	W1
	балық және балық өнімдері	W2
	бал және балара шаруашылығы өнімдері	W3
	жануарлардан алынатын шикізат	W4
	сүт және сүт өнімдері	W5
	жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері	W6
5	Ветеринариялық препараттарды сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдар	Y
6	Жануарларға арналған парфюмерия немесе косметика құралы ретінде пайдаланылатын ветеринариялық препараттарды өндіру жөніндегі ұйымдар	V
7	Азық және азықтық қоспаларды өндіру жөніндегі ұйымдар	O
8	Азық және азықтық қоспаларды сақтау және өткізуі жөніндегі ұйымдар	X
9	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), өңдеуді және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын мал сою пункттері (жылжымалы (жылжымалы) мал сою пункттерін қоса алғанда)	S

бұйрығына 5-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және

өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
7-қосымша

Өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлерін беруге арналған литерлік код

Р/с №	Код	Атауы
1	2	3
1.	KZ	Қазақстан Республикасы
2.	C	Ақмола облысы
3.	01	Ақкөл ауданы
4.	02	Аршалы ауданы
5.	03	Астрахан ауданы
6.	04	Атбасар ауданы
7.	05	Бұланды ауданы
8.	06	Көкшетау қаласы
9.	07	Степногорск қаласы
10.	08	Егіндікөл ауданы
11.	09	Біржан сал ауданы
12.	10	Ерейментау ауданы
13.	11	Есіл ауданы
14.	12	Жақсы ауданы
15.	13	Жарқайың ауданы
16.	14	Зеренді ауданы
17.	15	Қорғалжын ауданы
18.	16	Сандықтау ауданы
19.	17	Целиноград ауданы
20.	18	Шортанды ауданы
21.	19	Бурабай ауданы
22.	20	Қосшы қаласы
23.	B	Алматы облысы
24.	01	Балқаш ауданы
25.	02	Еңбекшіқазақ ауданы
26.	03	Жамбыл ауданы
27.	04	Іле ауданы
28.	05	Қарасай ауданы
29.	06	Райымбек ауданы
30.	07	Талғар ауданы
31.	08	Ұйғыр ауданы
32.	09	Қонаев қаласы
33.	10	Кеген ауданы

34.	11	Алатау қаласы
35.	J	Жетісу облысы
36.	01	Талдықорған қаласы
37.	02	Текелі қаласы
38.	03	Аксу ауданы
39.	04	Алакөл ауданы
40.	05	Ескелді ауданы
41.	06	Қаратал ауданы
42.	07	Кербұлақ ауданы
43.	08	Көксу ауданы
44.	09	Панфилов ауданы
45.	10	Сарқанд ауданы
46.	D	Ақтөбе облысы
47.	01	Әйтеке би ауданы
48.	02	Алға ауданы
49.	03	Байғанин ауданы
50.	04	Ақтөбе қаласы
51.	05	Ырғыз ауданы
52.	06	Қарғалы ауданы
53.	07	Мәртөк ауданы
54.	08	Мұғалжар ауданы
55.	09	Темір ауданы
56.	10	Ойыл ауданы
57.	11	Қобда ауданы
58.	12	Хромтау ауданы
59.	13	Шалқар ауданы
60.	E	Атырау облысы
61.	01	Атырау қаласы
62.	02	Жылыой ауданы
63.	03	Индер ауданы
64.	04	Исатай ауданы
65.	05	Қызылқоға ауданы
66.	06	Құрманғазы ауданы
67.	07	Мақат ауданы
68.	08	Махамбет ауданы
69.	F	Шығыс Қазақстан облысы
70.	01	Өскемен қаласы
71.	02	Алтай қаласы
72.	03	Риддер қаласы
73.	04	Глубокое ауданы
74.	05	Зайсан ауданы
75.	06	Алтай ауданы

76.	07	Қатон-Қарағай ауданы
77.	08	Күршім ауданы
78.	09	Самар ауданы
79.	10	Тарбағатай ауданы
80.	11	Ұлан ауданы
81.	12	Шемонаиха ауданы
82.	13	Үлкен Нарын ауданы
83.	14	Марқакөл ауданы
84.	Q	Абай облысы
85.	01	Курчатов қаласы
86.	02	Семей қаласы
87.	03	Аягөз қаласы
88.	04	Ақсуат ауданы
89.	05	Абай ауданы
90.	06	Аягөз ауданы
91.	07	Бесқарағай ауданы
92.	08	Бородулиха ауданы
93.	09	Жарма ауданы
94.	10	Көкпекті ауданы
95.	11	Үржар ауданы
96.	12	Мақаншы ауданы
97.	13	Жаңасемей ауданы
98.	H	Жамбыл облысы
99.	01	Байзақ ауданы
100.	02	Жамбыл ауданы
101.	03	Жуалы ауданы
102.	04	Қордай ауданы
103.	05	Мерке ауданы
104.	06	Мойынқұм ауданы
105.	07	Тұрар Рысқұлов ауданы
106.	08	Сарысу ауданы
107.	09	Талас ауданы
108.	10	Шу ауданы
109.	11	Тараз қаласы
110.	L	Батыс Қазақстан облысы
111.	01	Ақжайық ауданы
112.	02	Бөкейорда ауданы
113.	03	Бөрлі ауданы
114.	04	Жаңақала ауданы
115.	05	Жәнібек ауданы
116.	06	Бәйтерек ауданы

117.	07	Казталов ауданы
118.	08	Қаратөбе ауданы
119.	09	Сырым ауданы
120.	10	Тасқала ауданы
121.	11	Теректі ауданы
122.	12	Шыңғырлау ауданы
123.	13	Орал қаласы
124.	Р	Қостанай облысы
125.	01	Алтынсарин ауданы
126.	02	Амангелді ауданы
127.	03	Әулікөл ауданы
128.	04	Денисов ауданы
129.	05	Жангелдин ауданы
130.	06	Жітіқара ауданы
131.	07	Қамысты ауданы
132.	08	Қарабалық ауданы
133.	09	Қарасу ауданы
134.	10	Қостанай ауданы
135.	11	Меңдіқара ауданы
136.	12	Наурызым ауданы
137.	13	Сарыкөл ауданы
138.	14	Бейімбет Майлин ауданы
139.	15	Ұзынкөл ауданы
140.	16	Федоров ауданы
141.	17	Қостанай қаласы
142.	18	Арқалық қаласы
143.	19	Лисаковск қаласы
144.	20	Рудный қаласы
145.	М	Қарағанды облысы
146.	01	Абай ауданы
147.	02	Ақтоғай ауданы
148.	03	Бұхар-Жырау ауданы
149.	04	Қарқаралы ауданы
150.	05	Нұра ауданы
151.	06	Осакаров ауданы
152.	07	Шет ауданы
153.	08	Қарағанды қаласы
154.	09	Балқаш қаласы
155.	10	Приозерск қаласы
156.	11	Сарань қаласы
157.	12	Теміртау қаласы
158.	13	Шахтинск қаласы

159.	U	Ұлытау облысы
160.	01	Жезқазған қаласы
161.	02	Жанаарқа ауданы
162.	03	Ұлытау ауданы
163.	04	Қаражал қаласы
164.	05	Сәтпаев қаласы
165.	N	Қызылорда облысы
166.	01	Арал ауданы
167.	02	Қазалы ауданы
168.	03	Қармақшы ауданы
169.	04	Жалағаш ауданы
170.	05	Сырдария ауданы
171.	06	Шиелі ауданы
172.	07	Жаңақорған ауданы
173.	08	Қызылорда қаласы
174.	09	Байқоңыр қаласы
175.	R	Маңғыстау облысы
176.	01	Бейнеу ауданы
177.	02	Қаракияң ауданы
178.	03	Маңғыстау ауданы
179.	04	Түпқараған ауданы
180.	05	Ақтау қаласы
181.	06	Жаңаөзен қаласы
182.	07	Мұнайлы ауданы
183.	S	Павлодар облысы
184.	01	Павлодар қаласы
185.	02	Ақсу қаласы
186.	03	Екібастұз қаласы
187.	04	Ақтоғай ауданы
188.	05	Баянауыл ауданы
189.	06	Железин ауданы
190.	07	Ертіс ауданы
191.	08	Тереңкөл ауданы
192.	09	Аққулы ауданы
193.	10	Май ауданы
194.	11	Павлодар ауданы
195.	12	Успен ауданы
196.	13	Шарбақты ауданы
197.	T	Солтүстік Қазақстан облысы
198.	01	Айыртау ауданы
199.	02	Ақжар ауданы

200.	03	Аққайың ауданы
201.	04	Есіл ауданы
202.	05	Жамбыл ауданы
203.	06	Мағжан Жұмабаев ауданы
204.	07	Қызылжар ауданы
205.	08	Мамлют ауданы
206.	09	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
207.	10	Тайынша ауданы
208.	11	Тимирязев ауданы
209.	12	Уәлиханов ауданы
210.	13	Шал ақын ауданы
211.	14	Петропавл қаласы
212.	X	Түркістан облысы
213.	01	Арыс ауданы
214.	02	Бәйдібек ауданы
215.	03	Қазығұрт ауданы
216.	04	Мақтаарал ауданы
217.	05	Ордабасы ауданы
218.	06	Отырар ауданы
219.	07	Сайрам ауданы
220.	08	Сарыағаш ауданы
221.	09	Созақ ауданы
222.	10	Төлеби ауданы
223.	11	Түлкібас ауданы
224.	12	Шардара ауданы
225.	13	Арыс қаласы
226.	14	Түркістан қаласы
227.	15	Кентау қаласы
228.	16	Жетісай ауданы
229.	17	Келес ауданы
230.	18	Сауран ауданы
231.	A	Алматы қаласы
232.	01	Алатау ауданы
233.	02	Алмалы ауданы
234.	03	Әуезов ауданы
235.	04	Бостандық ауданы
236.	05	Жетісу ауданы
237.	06	Медеу ауданы
238.	07	Түркісіб ауданы
239.	08	Наурызбай ауданы
240.	Z	Астана қаласы
241.	01	Алматы ауданы

242.	02	Есіл ауданы
243.	03	Сарыарқа ауданы
244.	04	Байқоңыр ауданы
245.	05	Нұра ауданы
246.	06	Сарайшық ауданы
247.	Ү	Шымкент қаласы
248.	01	Абай ауданы
249.	02	Әл-Фараби ауданы
250.	03	Еңбекші ауданы
251.	04	Қаратау ауданы
252.	05	Тұран ауданы

Ескертпе:

Есепке алу нөмірі символдардан тұрады және мынадай құрылымы бар:

бірінші символ – елдің коды – KZ;

екінші символ – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) литерлік коды;

үшінші символ – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі;

төртінші символ – өндіріс объектісінің қызметі түрінің коды;

бесінші символ – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

алтыншы символ – Е (экспорттаушылар үшін), I (импорттаушылар үшін);

Мысалы: KZ C.01/G1-0001/E; Мысалы: KZ C.01/G1-0001/I;

KZ – елдің коды;

C – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) литерлік коды;

01 – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коды (реттік нөмірі);

G1 – өндіріс объектісінің қызмет түрі;

0001 – өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

E – экспорттаушы;

I – импорттаушы.

бұйрығына 6-қосымша
Жануарлар өсіруді,
жануарларды, жануарлардан
алынатын өнім мен шикізатты
дайындауды (союды), сақтауды,
қайта өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс
объектілеріне, сондай-ақ
ветеринариялық препараттарды,
жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру
қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Кімге _____

(ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының
аумақтық бөлімшесінің атауы)

кімнен _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/
заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы _____

Өтініш нөмірі: _____

**Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш"
қағидаты бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған
өтініш**

Өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және есепке алу
нөмірін беруді сұраймын:

1) өндіріс объектісінің атауы _____

2) өндіріс объектісінің мақсаты _____

(жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты бойынша)

3) қызметінің түрі: _____

4) экспортты/импортты жүзеге асыру: _____

(керегін көрсету)

5) меншік құқығындағы өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

кадастрлық нөмірі _____

меншік иесі _____

құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты _____

мекенжайы _____

жалға беру, өтеусіз пайдалану құқығындағы өндірістік үй-жайлардың

бар-жоғы туралы мәліметтер:

кадастрлық нөмірі _____

құқық иеленуші _____

жалға беру, өтеусіз пайдаланудың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты шарттың

жасалған күні: _____

шарттың қолданылу мерзімі, _ айға, 20_ жылғы " __ " 20_ жылғы " __ " дейін.

шарттың ерекше талаптары _____

мекенжайы _____

6) объект орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары:

Р/с №	Өндіріс объектісі (жер учаскесі, ғимарат, құрылыс, құрылыс жай) орналасқан жы	Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (геоақпараттық сервис арқылы)*	Ескертпе
-------	---	---	----------

	лжымайтын мүлік о бъектісінің кадастрл ық нөмірі	бойлық	ендік	
1	2	3	4	5

Ескертпе: * Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік бар болса, геоакпараттық сервис арқылы анықталады.

Мынадай құжаттарды қоса беремін: _____

(үй-жайдың меншік құқығын растайтын құжаттың немесе жалға беру/өтеусіз пайдалану шартының электрондық көшірмесі)

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы: _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі: _____

басшының жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі:

телефон нөмірі (факс): _____

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: _____

жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі: _____

кім берді: _____

берілген күні: _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс): _____.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы 20__ жылғы " __ " __ сағат __ қол қойып, жіберді.

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:

ЭЦҚ қою күні мен уақыты: _____

Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:

Өтініш 20__ жылғы " __ " _____ сағат __ қабылданды

Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің
ЭЦҚ деректері:

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК